



2010 жылы Еңбекшілдер ауданының аумағында тұратын, нысаналы топқа жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 9 шілдедегі № А-7/196 қаулысы. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 6 тамыздағы № 1-10-123 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы № А-11/379 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2010.12.28 № А-11/379 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1 тармағының 13-тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына сәйкес Еңбекшілдер ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбекшілдер ауданының аумағында тұратын, нысаналы топқа жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) жиырма бірден жиырма төрт жасқа дейінгі жастар;
- 2) ұзақ уақыт бойы (бір жылдан артық) жұмыс істемейтіндер;
- 3) әлеуметтік – психологиялық оналту курсы өткен, есірткіге тәуелділер.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Қ. Ш а я х м е т о в к е** жүктелсін.

3. Осы қаулы Еңбекшілдер ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Еңбекшілдер ауданының әкімі **Т. ХАМИТОВ**
«КЕЛІСІЛДІ»

Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «Еңбекшілдер аудандық орталық аурханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері **Д.Б. Сыздықова**

